

А. У. УТАУБАЕВА, Е. Х. ЖАҚСЫЛЫҚОВ

(М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан)

ЕСЕНАҢҚАТЫ ӨЗЕНІ АҢҒАРЫНЫҢ ӨСІМДІК ЖАБЫНЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Аннотация. Батыс Қазақстан облысының кіші өзендерінің бірі – Есенаңқаты өзенінің өсімдік жабынына, оның кеңістікте таралу ерекшеліктеріне сипаттама берілген; өсімдік жабынының деградациясы мен қазіргі кездегі жағдайы бағаланған және оны тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар жасалған.

Тірек сөздер: Сырым ауданы, Есенаңқаты өзені, топырақ, өсімдік жабыны, жайылма үсті террасасы.

Ключевые слова: Сырымский район, река Есенаңкаты, почва, растительный покров, надпойменные террасы.

Keywords: Syrym area, river Esenankaty, soil, the vegetation cover, floodplain terrace.

Қазіргі таңда экология ғылымының алдына қойған басты міндеттерінің бірі табиғи экожүйенің экологиялық жағдайын бақылау болып табылады. Осы мақсатты орындауда антропогендік факторлардың артуы жағдайына байланысты, кіші өзен аңғарларының өсімдігінің қалыптасуын зерттеу, антропогендік трансформацияға ұшырау деңгейін анықтау, тиімді пайдалану шараларын жасақтау, сирек және жойылып бара жатқан өсімдік түрлері және қауымдастықтарын анықтау көкейтесті мәселе болып табылады. Кіші өзендер – табиғат жүйелерінің ішіндегі тез тоқырауға ұшырайтын және қайта қалпына келуі баяу жүзеге асатын бөлшегі. Кіші өзендер және оның құрамдас бөліктері: аңғарларға, жайылымдарға антропогендік әсердің күшеюінен қазіргі таңда олардың экологиялық жағдайы нашарлауда. Жайылымдардың нашарлауы, жалаңаштануы, тозуы тізбектелген кері экологиялық нәтижелерге соқтырады. Ауданның жалпы сумен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз болып, грунт суының деңгейі, жалпы экожүйе өнімділігі төмендейді; сол ортаны мекен еткен өсімдіктер мен жануарлар дүниесі азаяды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі кеміп, мұнан ең алдымен ауыл тұрғындары зардап шегеді.

Біздің зерттеу объектіміз, Батыс Қазақстан облысының кіші өзендерінің бірі – Есенаңқаты өзені, өз бастауын Орал маңы үстіртінен алады да, Шалқар көліне құяды. Әкімшілік тұрғыдан алғанда бұл өзеннің аңғарының алып жатқан жері, Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданының территориясында орналасқан, тек төменгі ағысының Шалқар көліне құятын тұсындағы арнасы Теректі ауданының территориясымен ағып өтеді. Сырым ауданы, Батыс Қазақстан облысы сияқты Каспий маңы тектоникалық ойысының солтүстік бөлігінде жатыр. Бұл ойпат өте көне заманда терең құрылымдар бойымен бөліктенген, ежелгі Орыс платформасының бөлігі болып табылады [1].

Сырым ауданы территориясының жер бедерінің геологиялық жасы жағынан ең ежелгісі – Орал маңы үстірті болып табылады. Бұл литосфералық плиталардың көлденең ауысуынан емес, тігінен қозғалуынан пайда болған.

Сырым ауданының жер бедері Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығысында орналасқан, себебі ол Орал маңы үстірті мен Орал сырты көлбеу жазығының бетін және Каспий маңы ойпатының (ерте хвалын) солтүстік бөлігін алып жатыр. Аудан аумағы тұтастай солтүстік – шығыстан басталып, оңтүстік-батысқа қарай аласара береді. Ауданның солтүстігі мен солтүстік шығысында Орал маңы үстірті ішінде (100 м горизонтальдан жоғары) жер бедері біршама өзгермелі. Батысқа қарай үстірт беті шамалы толқынды жазыққа ауысқанымен, терең (20 метрге дейін) сай – жыра торабымен бөлшектенген. Бұдан батысқа қарай Есенаңқаты өзені бастауында биіктігі 30 метрге жететін төбелер тобы орналасқан, ал Аңқаты өзені мен Купераңқаты өзені бастауларында төбе биіктігі 40 метрге жетеді де, жыра – сай торабы сирей бастайды.

Сырым ауданының солтүстік-батысында Есенаңқаты өзенінің жоғарғы телімі жатыр, жалпы ұзындығы 127 км. Оның басы Орал маңы үстіртінің оң жақ беткейінде Қызыл Ту ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8 км., Аққұдықсай (сол жақ ұзындығы 17 км.) мен Қақпақты (оң жақ ұзындығы 13 км.) сайларының қосылған жерінде орналасқан, ал батысында Аралтөбе ауылында ауданның шегінен шығады [4].

Зерттеу ауданының топырақ жабыны топырақ түзілу жағдайларының жиі ауысуына байланысты әр түрлілігімен ерекшелінеді. Ауданның солтүстігіндегі Орал маңы үстіртінің жер бедері құм және саз балшықты қою-қоңыр топырақты болып келеді. Орал сырты көлбеу жазығының топырағының көбінесе қоңыр қарашірікті қабатына төмендік тән. Бұл жерлерде қою-қоңыр топырақтың кең ауқымды контуры кездеседі. Бұл аумақтың суайырықтарына аз ғана қашықтықта топырақтың әр түрлі типтерінің алмасуы байқалатын топырақ контурының үлкен шұбарлануы тән. Олардың арасында сор елеулі орынды алып жатыр. Бұл құбылыс кешенді деп аталады.

Есенаңқаты өзені аңғарында тұзды және сорлы дәрежедегі балшықты, құмайт және құмды жайылма топырақ жақсы дамыған.

Есенаңқаты өзені аңғарының табиғатының маңызды компоненті – өсімдіктер жабыны болып табылады. Оның қалыптасуы едәуір ұзақ уақыт бойы қаһарлы қыстың ұзақтығымен, тұтастай алғанда, ылғалдығы жеткіліксіз ыстық та құрғақ жазы бар, континентті климат жағдайында болып өтті. Өзен аңғарының өсімдік жабынының таралуы топырақ түрінің бөлінуіне, олардың механикалық құрамына, ылғалдану режиміне, тұздану дәрежесіне, сортаңдануына, грунт сулардың минералдану деңгейі мен дәрежесіне, беткей экспозициясына т.б. байланысты. Аудан шегіндегі өсімдіктер жабынының кеңістікте таралуы үш аймақтық типке жатады: солтүстікте далалы, орталық бөлікте шөлейтті-далалы (жартылай шөлейтті) және оңтүстікте – шөлді. Ауданның солтүстік бөлігіндегі әкसेлеу шөбі басым далалық қауымдастықтар екі фенологиялық фазаларға бөлінеді: көктемгі гүлдеу фазасында таранды әкसेлеу (сазды және құмды қыртысты топырақта, әдетте, Лессинг әкसेлеуі, ал құмды топырақта – таранды әкसेлеу) және жазғы фазада қылқанжапырақты әкसेлеу (қыл тәрізді әкसेлеу, сарепт әкसेлеуі). Даланың әртүрлі шөпті өсімдіктері жерасты бөліктерінің өте маңызды әртүрлі тіршілік формаларын құрайды. Даланың әр түрлі шөпті өсімдіктеріне сояу түбірлі өсімдіктер (қалампыр, гүлкекіре), тамырсабақтылар (бурыл бөденешөп, маралоты), атпа бұтақ сабақтылар (бөрте жусан) жатады.

Оңтүстікке қарай Есенаңқаты өзені аңғарының жайылма үсті террасасының және түпкі жағаның өсімдік жабынында жартылай бұталар, жусандар және алабота тұқымдастары басымырақ орын алады. Сай мен дала көлбеулері беткейлері бойында дала бұталары: тобылғы, шайқурай жапырақты тобылғы, аласа бадамша, бұталы қараған өседі.

Шөлді – далалы (шөлейтті) өсімдік бірлестіктері шымды-астық тұқымдас өсімдіктер басымдылығы жиі байқалатын жерлерде шөлейтті түймедақты және ақжусанды-астықтұқымдасты (түймедағы - бозбетегелі және түймедақты - бозбетегелі, ақжусанды-бетегелі және ақжусанды-шөлейтті бидайық тұқымдасты) қауымдастықтар таралған. Тығыз шымды астықтұқымдастар арасынан бетеге, тырсық Лессинг, қыл тәрізді әкसेлеулер, құм еркекшөбі, шисабак; тамырсабақты астықтұқымдас өсімдіктерінен – бұтақты қарабас шалға; жартылай бұталы өсімдіктер – Лерх жусаны, мыңжапырақ, бөрте жусан, шыбық т.б. өседі. Шөлді-далалық қауымдастықтар, ұзақ уақыт өсіп-өнетін өсімдіктер – кермек, татар және собалақ төскейшөбі, сондай-ақ гемиэфемероидтар – каспий сасыры, түймебас, т.б. Бұл жердің қауымдастықтарына Шренк және Биберштейн қызғал-

дактары бар баданалы қоңырбас, қазжуа топтанулары, эфемерлер-шөл жауылшасы, жұмыртқа тәрізді шөңгебас басым келетін маусымдық эфемероидты топтанулар тән.

Өзен аңғарының терасса маңы және жайылма үсті терассаларының сортаң ашық қоңыр топырақтарына қаражусан қауымдастықтары тән. Ол жартылай бұталы камфоросмалы сораңмен бірге жиі кездеседі; қаражусанды қауымдастықтар құрамында әдетте, боз изен, көкпекте қосымша өседі.

Шалғынды-қоңыр топырақты жерлерге шымды-астықтұқымдастар – Лессинг, бетеге, тырсық, қауырсын жапырақты акселеулер, бетеге және еркекшөп бидайықтары тән. Акселеулі және далалық шалғынды-далалық әртүрлі шөптесін өсімдіктер құрамы ойысты жерлердің тереңдігіне байланысты. Ойпаңдарда көбінесе далалық бұталар кездеседі, олардың арасында шайқурай жапырақты тобылғы басым өседі.

Өзен аңғарының терасса маңы және жайылма үсті терассаларының шөлді өсімдік қауымдастықтарына көкпек, қашқаргүл, жусан түрінен ксерофильді жартылай бұталы өсімдіктер басым келетін бірлестіктері тән. Оларға – Лерх жусаны, қаражусан жартылай бұталары, сонымен қатар құмда – Черняев (құмды) жусаны кең түрде таралған.

Есенаңқаты өзенінің ортаңғы және төменгі ағысы аңғарының жайылма үсті терассаларына ақжусанды өсімдіктер қауымдастықтары тән. Олар құмды топырақты суайырық кеңістіктерінде, жеңіл механикалық құрамдағы топырақта (құмды, құмайт топырақты) және құмда таралады. Жартылай бұталы өсімдіктерден ақжусанды қауымдастықтарда көбінесе қосымша үстемдік ететіндер – боз изен, сан алуан шөптесіндер (собалақ және татар төскейшөбі, мыңжапырақтар), ал кермектер аздап кездеседі. Көктемде эфемероидтар (баданалы қоңырбас, Биберштейн қызғалдағы. Фишер құсәттігені, қазжуа) мен эфемерлер (құм жауылшасы, шытырмак) жаппай өседі. Топырақтың жеңіл механикалық құрамына байланысты ақжусанды қауымдастықтарда бетеге, шөлейтті бидайық, қылқан боз, сарепт селеулері, араласып өседі. Қаражусанды қауымдастықтарда қосымша басымдылық көрсететін түрлер – жартылай бұталар: боз изен, камфоросма, бұйырғын, көкпек. Көпжылдық түрлерден кестежусан, қарабас шалғын, шөлейтті бидайық басым келеді. Сортанды жерлерде бұйырғын, көкпекті шөлді қауымдастықтар дамыған.

Есенаңқаты өзені аңғарының жайылма үсті терассаларының құмды-жусанды қауымдастықтары дөңес құмдарда дамыған. Оларға псаммофильді шөптесін (шашакбас қанбақ, салаубас) және астықтұқымдас өсімдіктер тән. Құмды-жусанды өсімдік қауымдастықтарда құмды төбелердің басындағы қияқты және бұталы өсімдіктер (жапырақсыз жүзгін, жынғыл), аз дөңесті құмдарда эфедралы-ақжусанды, еркек-ақжусанды қауымдастықтар тән. Қыратты жерлердің шалғын-қоңыр топырақты жерлерінде бидайық, ақмамық, айрауық, сор жусан, Жерар елекшөбі, сортаң ажырақ дамыған. Қыратты жерлерде шабындық сортаңды топтанулармен (сораң, торғайоты, жартылай бұталы кермек) жиі жинақталған.

Есенаңқаты өзені аңғарындағы бұталы талдар тоғайларына мамыр итмұрыны, итжүзім, шайқурай жапырақты тобылғы кездеседі.

Есенаңқаты өзені аңғарының арна маңы жайылмасына құрақ, қарақоға қамыс өсімдіктері тән. Өзеннің терең иірімдерінде кішкентай күбіршік пен ақ тұңғиық кездеседі.

Есенаңқаты өзені аңғарының төменгі ағысының жайылма үсті терассаларының сортаң-кебірлі жерлеріне жартылай бұталар – сарсазан, бұйырғын, бұдырмақты көкпек, үрме жемісті сора, сорқанбақ үстемдік етеді. Бұл топтануларға аз мөлшердегі тұзға шыдамды эфемерлердің болуы тән [2, 3].

Қазіргі таңда Есенаңқаты өзені аңғарының тұсындағы өсімдік жабынының динамикасы ретсіз су тасқынына, жеке массивтерде су басудың қысқа уақытта өтуіне немесе тіптен баспау жағдайына, ретсіз шөп шабуға, жүйесіз мал жаюға, рекреациялық әсерге, өртке және өзге де антропогендік факторларға негізделеді.

Есенаңқаты өзені жоғарғы және ортаңғы ағысы жайылмасында ретсіз және аз уақыт су басу нәтижесінде өсімдік жабынының ксерофиттенуі жүруде. Шөлейттенген дала жолағындағы Есенаңқаты өзенінің ортаңғы ағысының жайылмасында ретсіз шөп шабу және жүйесіз мал бағу нәтижесі көптеген гигромезофитті жартылай бұташықты – биік жусанның (*Artemisia abrotanum*) қауымдастықтарының таралуына әкеп соғады. Бұл айрауықты – жусанды (*A.abrotanum*, *Calamagrostis epigeios*), қамысты – жусанды (*A.abrotanum*, *Phragmites australis*), құрақты – жусанды (*A.abrotanum*, *Althea officinalis*) қауымдастықтар. Олар айрауықты, бидайықты, құрақты қауымдастықтардың шаруашылық модификациялары болып табылады. Негізінен арна маңы және орталық жайылманың

төменгі деңгейлеріне тән. Әсіресе биік жусанның моноценоздары Есенаңқаты өзені аңғарының арна маңы жайылмасының төменгі деңгейінде кездеседі. Нәтижесінде өнімділігі жоғары шабындықтар қажетсіз жерге айналған, себебі биік жусан – арамшөптесін, малға жеуге жарамсыз, азық ретінде пайдаланылмайтын өсімдік түрі болып табылады. Есенаңқаты өзені аңғарының ортаңғы ағысының орталық жайылмасының орталық деңгейі ретсіз су тасу жағдайында, грунт суларының төмен орналасқан бөліктерінде бидайықты-ақ миялы (*E.repens*, *Vexibia alopecuroides*) қауымдастықтардың таралуымен сипатталынылады. Бұнда түлкі құйрықты ақ мия субэдикатор болып табылады. Бұл азық ретінде пайдаланылмайтын улы өсімдік.

Су тасқыны аз немесе тіпті болмайтын жылдары Есенаңқаты өзенінің төменгі ағысы жайылмасының өсімдік жабыны әсіресе үлкен өзгеріске ұшырайды. Топырақтың тұздануы және өсімдіктердің галофиттену процесі тек терраса маңына емес, сонымен бірге орталық жайылма рельефінің барлық элементтеріне тән. Жоғарғы деңгей үлескілерінде мезофитті астық тұқымдасты – әртүрлі шөптесін (*E.repens*, *S.offisinalis*, *Medicago falcata*, *C.epigeios*) қауымдастықтар галомезоксерофитті кермекті – жусанды (*Artemisia nitrosa*, *Limonium gmelini*), ақ мамықты – жусанды (*A.nitrosa*, *Puccinella distans*) ценоздарға ауысады. Орта деңгей үлескілерінде шалғынды топырақтардың ұсақ дақтанып тұздануы байқалады.

Шалғындық кебіртең топырақтарда кермекті – бидайықты (*E.repens*, *L.gmelinii*), ақмамықты қауымдастықтар қалыптасады. Ойпаңдардың шалғынды сортаңдау топырақтарға кермекті – ақмамықты (*P.distans*, *L.gmelinii*) және ақмамықты – елекшөпті (*Juncus gerardii*, *P.distans*) қауымдастықтар тән.

Тоғайдағы ағаштардың шабылуы, өртенуі нәтижесінде су циркуляциясы бұзылып, топырақ тығыздалып, топырақтың сулық - тұзды режимі өзгереді. Шөп қабатында шұғыл өзгерістер пайда болады. Мезофитті түрлер (*Inula helenium*, *Rubus saxatiles*) жойылады. Ксеромезофиттер (*Glycyrrhiza uralensis*, *Cannabis sativa*, *Medicago falcata*), ал кейін ксерофиттер (*Achillea nobilis*, *Agropyron reclinatum*, *Festuca valesiaca*) басымдылық таныта бастайды.

Сонымен, астық және әртүрлі шөптесін – астық тұқымдасты қауымдастықтар бетегелі, австриялық жусанды ценоздарға алмасады. Шөп қабатының трансформациясы нәтижесінде түрлер саны 50-60% төмендейді. Өсімдіктердің құрамының, құрылымының және өнімділігінің өзгерісі ксерофиттену бағытында жүреді.

Маңызды жайылымдық күш түсіру бұталардың деградациясына (*Amygdalus nana*, *Spiraea hypericifolia*) және мезофитті әртүрлі шөптесін өсімдіктер өкілдерінің (*Salvia nemerosa*, *Asparagus offisinalis*) азаюына әкеп соғуда. Олар мезоксерофитті (*Centaurea scabiosa*, *Galium verum*) және ксерофитті (*Artemisia austriaca*, *Festuca valesiaca*) қауымдастықтарымен алмасуда.

Өртену барысында тек қана ағаштар мен бұталар жанып қана қоймай, сонымен бірге топырақтың беткі оргоногенді қабаты және жер беті шөп жабыны жойылады. Әсіресе жаз мезгілінің екінші жартысында туындайтын өрттер өте қауіпті болып келеді, себебі олар тоғайға терең енеді. Сүректі – бұталы өсімдік жабынының қайта орнына келуі баяу жүреді.

Жайылма үсті террасаларының өсімдік жабыны қарқынды түрде көктемгі – жазғы – күзгі жайылым ретінде пайдаланылады. Сондықтан территорияның көп бөлігін жусанды – шымдалған астық тұқымдасты және селеулі – бетегелі ценоздардың антропогендік модификациялары болып табылатын қауымдастықтар алып жатыр.

Жайылма үсті террасаларының өсімдік жабынының деградациясының келесі кезеңінде жайылымдық жарамсыз жерлер пайда болды. Оны: қызыл таспа, ебелек, алабота құрайды. Бұл өсімдік түрлерінен құралған топтар ауыл, құмдық, ферма, қыстақ маңында үлкен ауданды қамтиды. Көлтабандық суару жүйесі бұзылғаннан соң осы территорияның өсімдік жабынында маңызды өзгерістер жүзеге асты. Гигрофитті лимандық шалғындық – батпақты топырақтарда қалыптасатын түйнекөленді, келтекбасты, құрақты қауымдастықтардың ауданының кішірейуіне әкелді. Олардың орнында *Circium arvense*, *Trifolium vulgare*, *Suaeda prostrata* басымдылық танытатын топтар дамыды. Бидайықты (*Elytrigia repens*) қауымдастықтардың барлығында қосжарнақты әртүрлі шөптесін өсімдіктер: *Glycyrrhiza uralensis*, *G.glabra*, *V.alopeuroides*, *Potentilla bifurica* түрлерінің жиілігі байқалады. Маңызды ауданды құрамында арамшөптесінді түрлер басым болып келетін бидайықты – әртүрлі шөптесін (*G.Uralensis*, *Inula britanica*, *Elytrigia repens*) және әртүрлі шөптесін (*Calium verum*, *V.alopeuroides*, *Medicago falcata*) ценоздары алып жатыр. Шалғындық топырақтардың тұздануы жүзеге асады. Бидайықты қауымдастықтарда тұздалған шалғындық топырақтарға бейімделген

мезоголоксерофиттер эдификаторлар болып табылады. Бидайықты-ақмамықты, бидайықты – кермекті, бидайықты – миялы қауымдастықтар да маңызды орынды алып жатыр. Сонымен біржылдық сораңды ценоздар шалғынды кебірлі топырақтарда пайда болады.

Сондай- ақ, шалғынды шөлді далалық сортаңдарда көкпекті (*Atriplex cana*), қара жусанды (*Artemisia pausiflora*) және шалғынды топырақтарда таспалы, миялы ценоздар қамтитын аудан үлкеюде. Көлбеу төбелі құмдарда қарқынды мал жаю нәтижесінде еркекшөпті (*Agropyron fragile*) және селеулі – еркекшөпті (*A. fragile*, *S. pennata*) қауымдастықтар орнын сүттігенді қауымдастықтар басуда. Олардың алып жатқан ауданы жылдан – жылға кеңуде.

Сонымен, астық тұқымдасты әр түрлі шөптесін және астық тұқымдасты шалғындарды ретсіз шабу кейін мал жаю нәтижесінде жайылманың өсімдік жабынының агроботаникалық құрамының нашарлауына және ценоздық әртүрліліктің төмендеуіне әкелді.

Сонымен, шөлейттенген дала зонасы тұсындағы Есенаңқаты өзені аңғары жайылмасының өсімдік жабынының қалыптасуында ксерофиттену және галофиттену процесінің жүзеге асып жатқанын көреміз. Жайылманың кейбір үлескілерінде бұл процестер қатарынан бір мезгілде жүреді.

Шалғындық қауымдастықтардың құлдырау процесі, соның ішінде өсімдіктердің ксерофиттену және галофиттену процесі барысында биологиялық көптүрліліктің өзгерісін талдау нәтижесінде келесі заңдылықтардың жүретінін көреміз: түрлік құрамының маңызды өзгерісі (14-31 ден 5-7 дейін); ценоздар саны азайып, бастапқы қауымдастықтар шаруашылық модификациялармен, әсіресе жана тіршілік ортасына сипатты түрлерден құралған ценоздармен алмасады; құрылымдық алтуан түрлілік концепциясында – қабат саны (2-4-тен 1-ге дейін) және өсімдіктердің кездесу жиілігі азаяды; өсімдік жабынының алмасу процесі нәтижесінде түрлердің көптүрлілігі екі түрлі жабынның және өсімдік түрлерінің есебінен көбейеді; қауымдастықтардың өнімділігі 10-15 есе кемиді.

Шөлейттенген дала зонасы тұсындағы Есенаңқаты өзені аңғарының өсімдік жабынының бұзылу деңгейін бағалау 4 балды: әлсіз өзгерген, қалыпты өзгерген, күшті өзгерген, өте күшті өзгерген шкалалармен анықталды. Есенаңқаты өзені аңғарының өсімдік жабынының антропогендік бұзылу деңгейін бағалау критериялары есебінде, әдістемелік нұсқауларды ескере отырып келесі көрсеткіштерді пайдаландық: жалпы шөп қабатының жабынында арамшөптесін өсімдіктердің пайыздық қатынасын; өсімдік жабынындағы қауымдастықтардың өзгеріске ұшырау қатарындағы орнын; түрлердің азықтық қатынасында құндылығының төмендеуі және шаруашылық пайдалану режимі.

Реттелген су басу жағдайында әлсіз өзгерген шалғындық қауымдастықтар қарапайым көлденең және тік құрылымымен ерекшеленеді. Арамшөптесін түрлер пайда болады, алайда олардың үлесі 2-15%. Өнімділік 5-10% кемиді. Шаруашылық пайдалану режимі – көктемгі – жазғы – қысқы жайылым, шабындық және мал жайылымы. Жайылма үсті террасаларының әлсіз өзгеріске ұшыраған өсімдік жабыны шартты түпкілік қауымдастықтардан құралған. Эдификаторлар ролі төмен. Өнімділік 5-10% дейін кемиді. Әлсіз өзгеріске ұшыраған орман қауымдастықтарында доминанттылық құрамы, флораның құрамы мен құрылысы сақталады. Арамшөптесін түрлер пайда болады. Қалыпты өзгерген шалғындық өсімдіктер жабыны мезгілдік су басу жағдайымен ерекшеленеді. Субэдификаторлар эдификатор ролін басады. Фреатофитті әртүрлі шөптесін өсімдіктердің және бір жылдық сораңдардың жиілігі жоғарылайды. Арамшөптесін өсімдіктердің үлесі 25-35% жоғарылайды. Осыған байланысты қауымдастықтардың көлденең және тік құрылысы күрделенеді. Шаруашылық пайдаланылуы – таңдамалы шабындықтар және көктемгі – жазғы – қысқы жайылым. Қалыпты өзгерген орман ценоздарында өсімдік жабыны ұсақ қосымша қауымдастықтардан құралған. Субэдификаторлар эдификатор ролін басқан. Өнімділік 10-25% төмендеген. Көктемгі – жазғы – қысқы жайылым ретінде шаруашылықта пайдаланылады. Жайылма үсті террасаларының қалыпты өзгерген өсімдік жабыны ұсақ қосымша қауымдастықтардан құралған. Субэдификаторлар эдификаторлар роліне көшкен. Шаруашылықта көктемгі – жазғы – қысқы жайылым ретінде пайдаланылады.

Күшті өзгеріске ұшыраған жайылымдық шалғындар тасқынсыз гидрологиялық режимі жағдайында қалыптасады. Доминанттардың ауысуы жүзеге асады. Екіншілік ценоздардың басымдылығы байқалады. Қауымдастықтар мезоксерофитті шөптесін және жартылай шөптесін өсімдік түрлерінен (*Carex stenophyllia*, *Agropyron pectinatum*, *Achillea nobilis*) құралған. Түрлер саны біраз азайған. Арамшөптесінді өсімдік түрлерінің саны 40-60% өскен. Көлденең құрылымы біртекті. Тік құрылымы бір кейде екі қабаттан құралған. Өнімділік 25-50% төмендеген. Шаруашылық

Жазғы жайылымдар олардың ауданының шектеулігіне орай азықтық қажеттілікті қанағаттандыра алмайды. Бұны жазғы азықтық тепе-теңдікті бір жылдық және көпжылдық жасанды жайылым құру арқылы реттеуге болады.

Жайылымдарды тиімді пайдаланудың маңызды жағдайы жайылымдарға күш түсіру және пайдалану әдістерін анықтау болып табылады. Жайылымдардың қарқынды пайдалану жағдайында олардың өнімділігін біршама жоғары деңгейде ұстаудағы маңызды кешенді шараларды ауыспалы жайылым біріктіреді.

Жайылым үсті террасаларында өсімдік және топырақ жабыны кешенді түрде таралған. Күшті және қалыпты өзгерген қылқан бозды – жусанды, бетегелі-шилi, шилi-бетегелi – жусанды, еркекшөпті, шағырлы, сүттігенді-шағырлы қауымдастықтармен бірге сортаңды топырақтардағы жартылай бұташықты және сортаңды өсімдікті қауымдастықтар таралған. Бұл территорияда біз сегіз жылдық ауыспалы жайылымды келесі жайылым уақытының кезектілігімен ұсынамыз: 1 жыл – 5-20 мамыр; 2 жыл – 20 мамыр-20 маусым; 3 жыл – сақталған қор; 4 жыл – 1 тамыз-15 қыркүйек; 5 жыл – 5-20 мамыр; 6 жыл – 20 мамыр-30 маусым; 7 жыл – шөп еге отырып тынықтыру; 8 жыл – 15 қыркүйек – 10 қазан. Бұл ауыспалы жайылымда келесі қалпына келтіру шаралары қарастырылады: мал жаю күшін кеміту, тынықтыру және шөп егу, мал жаю уақытын кешіктіру. Күшті бұзылған жайылымдарды пайдалануды толық қалпына келгенше тоқтату қажет.

Шөп қабатының жазғы уақытта күйіне байланысты шілде айының 1-жұлдызынан 30-жұлдызы аралығында малды терраса маңы жайылмасының қияқты, қияқты-ақмамықты, әртүрлі шөптесін астық тұқымдасты қауымдастықтарда, оталған орман орнында қалыптасқан бетегелі – еркекшөпті қауымдастықтарда жүзеге асыру қажет.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Галымов А. Батыс Қазақстан облысының географиясы. – Алматы, 1994. – Б. 17-21
- 2 Дарбаева Т.Е., Отаубаева А.У., Цыганкова Т.И. // Батыс Қазақстан облысының өсімдік әлемі. – Орал, 2001. – Б. 69.
- 3 Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. – Уральск, 1998. – С. 176.
- 4 Сдыков М.Н. Батыс Қазақстан облысының тарихи – мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. – Т. 2. Сырым ауданы. – Орал, 2006. – Б. 35-42.
- 5 Утаубаева А.У. Антропогенная трансформация растительности долины реки Калдыгайты // «Биоразнообразие и биоресурсы Урала и сопредельных территорий» Мат-лы Междунар. конф. – Оренбург, 2001. – Б. 183.

REFERENCES

- 1 Galymov A. Geografija Zapadno-Kazahstanskoj oblasti. Almaty, 1994. 17-21 s.
- 2 Darbaeva T.E., Otaubaeva A.U., Cygankova T.I. Mir rastenija Zapadno-Kazahstanskoj oblasti. Opal, 2001. 69 s.
- 3 Petrenko A.Z., Dzhubanov A.A., Fartushina M.M. i dr. Prirodno-resursnyj potencial i proektiruemye obekty zapovednogo fonda Zapadno-Kazahstanskoj oblasti. Ural'sk, 1998. 176 s.
- 4 Sdykov M.N. Kul'turno-istoricheskie i prirodnye pamjatniki nasledija Zapadno-kazahstanskoj oblasti. T. 2. Syrymskij r-n. Ural'sk, 2006. 35-42 s.
- 5 Utaubaeva A.U. Antropogennaja transformacija rastitel'nosti doliny reki Kaldygajty. «Bioraznoobrazie i bioresursy Urala i sopredel'nyh territorij» Mat-ly Mezhdunar. konf. Orenburg, 2001. S. 183.

Резюме

А. У. Утаубаева, Е. Х. Жаксылыков

(Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан)

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РАСТИТЕЛЬНОГО ПОКРОВА ДОЛИНЫ РЕКИ ЕСЕНАНКАТЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ И ПО РАЦИОНАЛЬНОМУ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ РАСТИТЕЛЬНОСТИ

Дана характеристика растительности долины малой реки Западно-Казахстанской области – Есенанкаты, особенности её пространственной структуры, оценены деградация и современное состояние растительного покрова, а также приведены рекомендации по рациональному использованию растительности.

Ключевые слова: Сырымский район, река Есенанкаты, почва, растительный покров, надпойменных терраса.

Summary

A. U. Utaubaeve, E. H. Zhaksylykov

(Makhambet Utemisov West Kazakhstan state, Uralsk, Kazakhstan)

CURRENT STATE OF A VEGETABLE COVER OF A VALLEY OF THE RIVER OF ESENANKATA AND RECOMMENDATION ABOUT RATIONAL USE OF VEGETATION

Giving the characteristic of a small river in West Kazakhstan region Esenankaty especially it's spatial structure of the current state of the estimated degradation of vegetation and also recommendations about rational use of vegetation are provided.

Keywords: Syrym area, river Esenankaty, soil, the vegetation cover, floodplain terrace.

Поступила 13.02.2014 г.